


Анықтама

**«Әке көрген оқ жанар, ана көрген топ пішер»  
мата, жүн, былғары, киіз, ағаш, жіп, қағаз заттардан қолөнер туындыларын  
әзірлеуден іс-шара өткізілді.**

Мақсаты: Мектеп пен отбасының өзара байланысын, қарым-қатынасын нығайту,  
-Отбасының қарым-қатынасындағы сенімділікті және сыйластық қалыптастыру,  
-Бала тәрбиесіндегі Әкенің ролі ерекше екендігін түсіндіу.



ДТҒЖО: Айдарова Д.К  
5-6 сынып жетекшілері

Аманкулова М.А

## Анықтама

### «Ұрпақ тәрбиесі-ұлт болашағы» отбасындағы әкенің рөлі

Қараша айында «Ұрпақ тәрбиесі-ұлт болашағы» отбасындағы әкенің рөлі тақырыбында оқушылар арасында жиналыс өткізілді.

**Мақсаты:** отбасындағы әке мен ер азаматтың рөлінің мәнін ұғындыру; бала тәрбиесіне әкелердің көзқарасын кеңейту; жанұядағы әке мен баланың арасындағы қарым-қатынасты нығайту, отбасындағы тәрбие-өте маңызды рөл атқаратындығын көрсете білу, ата-ананың балаға деген көңіл бөлуін байқау, бірі-біріне жақсы қарым-қатынас орнату, балаға құрмет және қолдау көрсету, адамгершілік қасиеттер қалыптастыру.

**Міндеттері:** - отбасындағы тәрбиедегі әкенің рөлін, оның әсерін көрсету; ана мен әкенің, балалар мен ата-ананың арасындағы отбасылық қатынасты нығайтуға көмектеседі.

Әке – жаратылыстың бастауы. «Әкеге қарап ұл өседі, шешеге қарап қыз өседі».

Әр шаңырақта әкенің орны ерекше. Әке – отбасының асыраушысы, отбасы мүшелерінің тірегі, қамқоршысы.



Ер бала әкесімен сырлас, жолдас, дос. Ол әрқашан бір әрекет жасау үшін әуелі әкесімен сырласады. Ер баланың өсіп, жетіліп, өз алдына жеке тұлға болып қалыптасуына, қоғамдағы өз орнын дұрыс табуына әкенің атқарар еңбегі ерекше. Қазақ халқында “Бір бала бар- атадан өте туады, бір бала бар- кері кете туады” деген тұжырымға, баланың қандай болмағына негіз қалайтын да әкенің өзі.

Әке-жаратылыстың бастауы.

Өмірде ұрпақтар тәжірибесі бар. “Әкеге қарап ұл өседі, шешеге қарап қыз өседі”. Бұл жағынан алғанда, ұтарымыз көп. Бірақ әкелердің бәрі бірдей ұлына үлгі болып жатыр ма? “Бес саусақ бірдей емес”. Әкелердің де түрлі- түрлісі болады. Шешелердің де түрлі-түрлісі болады.

Баланың көз алдындағы әке бейнесі ең бір жарқын сәттерге толы болып есте қалады. Әкенің тәрбиесін көріп өскен балада арман бар ма? Баланың ой-

Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектебінде  
Әкелер, Аналар мектебі бойынша іс-шара жоспарына сәйкес  
«Салауатты өмір салтын насихаттау» спорттық іс-шара туралы

**АНЫҚТАМА**

Желтоқсан айында 5-6 сынып оқушылары арасында «Салауатты өмір салтын насихаттау» спорттық іс-шара ұйымдастырылды. Мақсаты: мектептегі әкелер клубының жұмысын күшейту, оқушы мен ата-ана арасындағы байланысты нығайту. Жанұядағы әкенің орны, әкенің балаға деген тәрбиесін жандандыру мақсатында өткізілді. Отбасылық тәрбиемен қатар спорттың да адам өміріне тигізер пайдасын түсіндіру, ата - ананы спортқа баулу, салауатты өмір салтын насихаттау, денсаулықты нығайту және тәрбие мен спортты қатар байланыста ұстау ұсынылып отыр.



ДТІЖО

*Аман*  
*Мен*

М.А.Аманкулова

А.А.Менлибекова

Сынып жетекшілер

## Анықтама

Тәрбие отбасынан басталады

...Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім- адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі....

Әл-Фараби дегендей балаға әуелі білімнен бұрын, тәрбие берілуі тиіс.

Балаға анықтама беретін болсақ

Бала-жасы кәмелетке толмаған, жан-жақты тәрбиені қажет ететін, болашағынан көп үміт күттіретін жеке тұлға олай болса, балаға тәрбие берушілер

Бала:

Жанұя, ата-ана

Ортасы, жолдастар

Мектеп мұғалім

Осының ішінде бүгін ата-ана, жанұя тәрбиесіне тоқталып өтсек.«Адамның бір қызығы бала деген» Абай айтқандай, бала адамның да өмірдің де қызығы. Ата-ана-тәрбие өнегесі, сондықтан, мынадай қазақ мақал мәтелдері ертеден жатталып, айтылып келеді.

«Ата көрген-оқ жонар,

Ана көрген- тон пішер,


Баланың ұяты-әкеге,


Қыздың ұяты-шешеге»


Баласының келешегін ойлаған ата-ана өз мекенін ауыстыруға дейін барып жатады.

«Ұлың жақсы болсын десең, ұлы жақсымен көрші бол, қызың жақсы болсын десең, қызы жақсымен көрші бол» деген өнегелі сөз де содан шықса керек. Бала тәрбиесі туралы сөз ете қалғанда «Алты айлық баласын тәрбиешіге әкелген ата-анаға, сіз балаңыздың 1,5 жыл тәрбиесін өткізіп алдыңыз, баланы іштен тәрбиелеу керек» деген еврей халқының мысалын келтіріп жатамыз. Бала тәрбиесі- қиын да күрделі процесс. Біз баламыздың тәрбиелі де өнегелі болып өсіп, өз қатарының алды болғанын қалаймыз. Бірақ баламызды осы мақсаттарға сай тәрбиелеу үшін үлкен еңбек, күш-жігер қажет екенін бәріміз білсек те, мойнымыз жар беріп, бала тәрбиесімен айналыса бермейміз. Кейін баламыз есейген сәтте, «сен маған тартпағансың, мынаны олай істемедің, ананы бұлай істемедің, ештеңеге қырсызсың» деп кінәлап жатамыз. Еліміздің көркейіп, өркениетті елдің қатарына қосылып, халықаралық деңгейге шығуы бүгінгі ұрапқ бейнесімен көрінеді. Шығыс

ғұламасының бірі болып саналатын Жүсіп Баласағұнның дастандарында отбасы тәрбиесі көп айтылады. Мемлекеттің беріктігі тек ел билеуші қайраткерлерге әділ заңға, күшті әскерге ғана емес, әр отбасының беріктігіне байланысты екендігін сипаттайды. Оның ойынша: Отбасы беріктігі жаңа жар тандаудан басталады және өнегелі отбасында ғана өнегелі ұрпақ тәрбиеленеді. ҚР-ның Конституциясында «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың құқығы әрі парызы деп көрсетілген.» «Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылық себептері» Жанұя тәрбиесінің дұрыс ұйымдастырылмауы; Оқушылардың мектептегі оқу-тәрбие процесіне толық көңіл аудармауы; Оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда кеткен кемшіліктер. «Балалардың мінез-құлқындағы ауытқушылықтың көрінуі.» Дене жаракатын салу; О. Кунц «Жақсы адам тек оны дұрыс тәрбиелегенде ғана қалыптасады» деп дұрыс тәрбиелеу үшін ата-аналар мына жағдайларды ескеру керектігін айтады. 1. Білім; 2. Отбасы ауаны, ахуалы; 3. Педагогикалық такт және талап қоюшылық; 4. ата-аналармен балалардың идеялық тұлғасы; 5. ата-аналардың әрекет бірлігі. Отбасындағы бала тәрбиелеу жұмысы түбегейлі жүйелі түрде қадағаланып, жаңаланып, заман талабына сай өзгеріп дамып отырса, тәрбиенің құндылығы арта түседі. М. Жұмабаев «Жас бала- жас бір шыбық, жас күнде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қатып қалмақ» деп түйін жасайды. Халық педагогикасына сүйене отырып, баланы патриоттыққа тәрбиелеу, отан сүйгіштік пен ұлттық намыс, жігерлікке, халқын сүюге тәрбиелеу-ең басты мәселелердің бірі. Қорытындылай келе, Еліміздің 50 елдің қатарына қосылу үшін білімді, тәрбиелі ұрпақ өсіру ата-ана мен мұғалімнің қолында дей келе, Ахмет Байтұрсыновтың сөзімен қорытындылаймын.



ДТҒЖО: Айдарова Д.К.  Аманкулова М.А. 

Сынып жетекшісі: Сағидолла М 

## Анықтама

2023-2024 жылы ақпан айында «Әкелер, Аналар» мектебі бойынша жүргізілетін жоспары бойынша «Отбасы қоғамның іргетасы» тақырыбында 5-6 сыныптар арасында кездесу ұйымдастырылды.

**Мақсаты:** Ата-ана мен бала арасындағы сенімді сыйластықты, бір — біріне деген сезімді нығайту, бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы туған ұясы, өз отбасындағы ата — ана тәрбиесі, өнегесі және баланың бас ұстазы ата—ана екенін түсіндіру.

Ата-аналармен кездесуіміз аналардың шаттық шеңберін құрып бір — біріне деген жылы тілектерін білдірумен басталды. «Отан отбасынан басталады» демекші ата — аналар мен ұстаздар қауымы үшін жас ұрпақ тәрбиелеп, оны қоғам мүддесіне жарату кезек күттірмейтін мәселе екенін, осы мәселеге ата — аналар мен ұстаздар боп атсалысып алар асуымыздың биік болары сөзсіз екенін айтылды. Осыған орай аналардан қазіргі қоғамда ата — ана баласынан не күтеді? Баласын қалай тәрбиелейді? Ата — ананың бақыты неде? Отбасы татулығы неде? «Ата-ананың бақыты балада» тақырыбында ойларымен бөлісті және ата-ана мен баланың қарым — қатынасындағы қаталдық көріністерін зерттеу туралы сауалнамалар алынды. Мектеп психологы Менлибекова А.А «Балалардың психологиялық денсаулығы» атты тренинг өткізді, Қорыта келе отбасы, бала, мектеп бірінен ажырамас үш ұғым, бақытты отбасы бар жерде бақытты бала бар, ал осы бақытты балалардың арқасында болашақта бақытты ел болатынымыз анық.



<https://www.instagram.com/reel/C2hb74stqUi/?igsh=ejlseWNzOGUxd2ph>

Жауаптылар:

Раф  
Толеч  
Иш  
Ан

Байзакова К  
Төлешова Л  
Нурбек Л  
Ахметова Г

### Анықтама

2023-2024 жылы наурыз айында балаларды отбасылық құндылықтарға баулу Халықаралық әйелдер күніне арналған «Анам,Әжем және Мен» атты байқау ұйымдастырылды.

**Мақсаты:** Ата-ана мен бала арасындағы сенімді сыйластықты, бір — біріне деген сезімді нығайту, бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы туған ұясы, өз отбасындағы ата — ана тәрбиесі, өнегесі және баланың бас ұстазы ата—ана екенін түсіндіру.

Мектебімізде "Әжем,анам және мен" атты отбасылық байқау өткізілді. Байқауға 5 отбасы қатысты. байқау 5-6 сыныптар аралығындағы қыздар әже, аналарымен қамтылды. Байқау өте жақсы өтті. Байқауға қатысқан отбасылардың барлығы мақтау қағаздарымен марапатталды.



Жауаптылар:

*Кучу*  
*Ахметова*

Нурбек Л

Ахметова Г

Астана қаласы Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектебінде

«Ұлағат» ата-әжелер мектебі бойынша өткізілген

### Анықтама

Қыркүйек айында «Ата-әулеттің тірегі,әже-ұрпақтың жүрегі» тақырыбында ата-әжелер мен мектебімізде дөңгелек үстел өткізілді. Әжелер кеңестері біздің ұлттық құндылықтарымыз жаңғыртылып, жас ұрпаққа берілетін өзіндік мектепке айналууда. Сондықтан ата-әжелер кеңесінің мүшелері жас ұрпаққа біздің ұлттық құндылықтарымыздың, әдемі де тәрбиелік мәні зор дәстүрлеріміздің мәні түсіндірілетін жобалармен жұмыс жасайды. Ата-әже — біздің байлығымыз, берекеміз. Қолда бар алтынның қадірін білуіміз керек. Кез келген бала ата мен әженің мейірім-махаббатын аңсайтыны бәрімізге мәлім. Себебі ата-әженің немересіне деген махаббаты ерекше. Мүмкін, жасы келіп, даналыққа қол жеткізгендіктен, балалардың періштеге тән пәктігін анығырақ байқап, олардың балалықпен істеген кез келген қылығына шыдамдылық таныта алатын шығар.Өзі үлгі болумен қатар, мейірім мен махаббат иесі болуы қажет. Ата-әжелер оқушылармызға өсиеттерін айтып, баталарын берді.



ДТЖО *Аманжолбекова С. Б. А. Аманжолбекова С. Б.*  
Сынып жетекшілер: Еңбекші М. Иманкулова Э.

*Кр*

Астана қаласы Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектебінде Ұлағат  
ата-әжелер мектебі бойынша өткізілген

Анықтама

Қазан айында «Аталар мен Әжелер мұрасы-халық қазынасы»  
тақырыбында кездесу өтті.

**Мақсаты:** Ата - бабадан қалған ұлағатты ғибрат аларлық сөздерді  
балаларға ұғындыру.

Ата-әже – ұрпақ тәрбиешісі ғана емес, отбасындағы барлық берекелі  
істің бастауы, жақсылықтың ұйытқысы болып табылады. Тәрбие ісіне үлкен  
кісілер араласқан жерде түсініспеушілік деген орын алмайды. Қариялар –  
ұлттың ұлт болып қалыптасуына, салт-дәстүрдің сақталуына, жас ұрпақтың  
дұрыс бағыт-бағдар мен тәлім-тәрбие алуына, дін мен ділдің, тілдің, басқа да  
асыл құндылықтарымыздың сақталуына, елдің бірлік пен ынтымақта өмір  
сүруіне бірден бір себепкер екені даусыз.



<https://www.instagram.com/reel/Cx7ehbJN5D5/?igsh=MW9uMXdxNWMMyODg1bQ==>

Жауаптылар:

*М*  
*М*  
*С*

Еңбекші М

Иманкулова Э

Абдиха

*С*  
*С*

Елеусіз М

Садирбекова Ж

Астана қаласы Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектебінде Ұлағат  
ата-әжелер мектебі бойынша өткізілген

Анықтама

Қараша айында «Ата мен әже-қазақы тәрбиенің бастау бұлағы»  
тақырыбында кездесу өтті.

**Мақсаты:** Ұлттық тәрбие құндылықтарын бала бойына қалыптастыру.  
Оқушыларымыздың бойына отбасының қос шынары – ала таудай атасы және  
аналардың анасы – әженің адам өмірінде алатын орнын, оларға құрмет  
көрсету – халықтық дәстүр екендігін ұғындыру, адамгершілікке,  
инабаттылыққа және мейірімділікке тәрбиелеу.

Өмірден көргені мен түйгені мол қариялар тәрбиелеген баланың ең  
алдымен тілі тез шығады. Өйткені ата мен әже балаға үлкен адамша сөйлесіп,  
әңгіме - дүкен құрады. Сол себепті әже тәрбиелеген бала сөздің қадірін  
біледі, орнымен сөйлеп, сөзді тауып, нықтап айтады. Ата-әжелерімізге арнап  
оқушыларымыз дастархан жайып, ән айтып, поэзия оқып көңіл күйлерін  
көтеріп алғыстарын, тілек ниеттерін айтты. Осылай кездесуімізде  
оқушыларымыз ата-әжелерімізден рухани ақыл алып, бата алып қуанып  
қалды.



<https://www.instagram.com/reel/C0WtHF5t5Hp/?igsh=eTRyemN6cjkWNGNs>

Жауаптылар:

*Ауу*  
*Бәкі*  
*Мұра*  
*Тас*

Сүндет Г

Бәйтен Н

Мырзабаева М

Тасболат А

*Амандық Н*

Амандық Н



Астана қаласы Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектебінде Ұлағат  
ата-әжелер мектебі бойынша өткізілген

Анықтама

Желтоқсан айында «Ата-әже мейірімі» тақырыбында фотосурет байқауы  
оқушыларымызбен бірге ұйымдастырылды.

**Мақсаты:** Балаларды халқымыздың ізгі қасиеттері –инабаттылық ісерлік  
,адамгершілікке тәрбиелеу.Тәрбиелік мәні бар –қазақтың салт-  
дәстүрін құрметтеуге,бала мен әже арасындағы татулықты сақтауға  
тәрбиелеу. Әже мейірімі мен ертегісін бойына сіңіріп өсуге  
тәрбиелеу.

Атасының алдында құлдырандай жүгіріп, құдықтан су тасып,  
үлкендердің өнегелі әңгімесін тыңдап, құрық ұстап өскен құлын мінез  
құлагердің құлшынысы да басқа болмақ. Ата ақылы – ақ пен қараны  
ажыратуға, ел мен жерді сүюге, кішіге қамқор, үлкенге құрмет көрсетуге,  
мандай тері сіңген еңбектің дәмі тіл үйретінін ұқтыруға үлкен көмек.



Жауаптылар:

*Dozyc*

Даулешова Г

*Иманбаева Ж*

Иманбаева Ж

Астана қаласы Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектебінде Ұлағат  
ата-әжелер мектебі бойынша өткізілген

Анықтама

Қаңтар айында «Атадан балаға мұра» тақырыбында дөңгелек үстел  
өткізіліп, ұйымдастырылды.

**Мақсаты:** Ата-бабамыздан асыл мұра болып қалған тілімізді, салт-  
дәстүрімізді, асыл сөздерді өскелең жас ұрпаққа мирас ету, дәстүр  
сабақтастығын ұғындыру. Қазақ даласында өмір сүрген шешендердің асыл  
сөздерімен таныстыру, Балалардың ойлау қабілетін дамыту, тіл байлығын,  
сөздік қорларын арттыру.

Қолөнер – сырлы өнер. Онда сан ұрпақтың тыныс-тіршілігі мен қолының  
табы бар. Байқап қарайтын болсақ, әрбір қолөнер туындысы өз заманының  
материалдық мәдениетінің үлгісі және халық талғамының, әлеуметтік-  
қоғамдық жағдайының, діни сенімінің, салт-дәстүрдің нақтылы көрінісі  
дерсің. «Ата өнері – балаға мұра» тақырыбымен өткен шараға мектеп  
оқушылары қатысып, кішігірім көрмемен танысып, көкейлеріндегі  
сұрақтарды қойды.



<https://www.instagram.com/reel/C3sLTWwtloR/?igsh=MXd6bWxsYzhwYnhweg==>

Жауаптылар:

*Еңбекші М*

Еңбекші М

*Иманкулова Э*

Иманкулова Э

*Абдиханова М*

Абдиханова М

*Тулегенова А*

Тулегенова А

*Елеусіз М*

Елеусіз М

*Садирбекова Ж*

Садирбекова Ж

Астана қаласы Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектебінде Ұлағат  
ата-әжелер мектебі бойынша өткізілген

Анықтама

Ақпан айында «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізіліп, ұйымдастырылды.

**Мақсаты:** Оқушыларды қазіргі заман талабына сай терең білім алуға ынталандыру; Жас ұрпақтың танымдық көзқарасын, ой - өрісін, дүние - танымын кеңейту, іскерлік қасиеттерін дамыту; Логикалық ойлау, сөйлеу қабілеттерін шыңдау, оқушылар бойына ұлттық мәдени құндылықтарды сіңіру.

Жиынға ата-әжелеріміз, мектеп психологы, сынып жетекшілер, оқушыларымыз қатысып, ұлт болашағы, отбасы тәрбиесіне орай өз пікірлерін білдірді. Шара барысында оқушыларымыз сөз алып, сұрақ қойып, өз ойларын, ұсыныстарын және тілектерін ортаға салды.



<https://www.instagram.com/reel/C2hb5RXNkDk/?igsh=MWU4cThjdGo0dG04YQ==>

Жауаптылар:

*Сур  
Бале*

Сүндет Г

Бәйтен Н

*Рао  
Али*

Тасболат А

Амандык Н

Астана қаласы Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектебінде Ұлағат  
ата-әжелер мектебі бойынша өткізілген

Анықтама

Наурыз айында «Қазақтың салт дәстүрлері» тақырыбында іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілді.

**Мақсаты:** Оқушыларды ата-бабаларымыздың дүниетанымын қастерлеуге, дәстүрімізді дәріптеп, салтымызды сыйлауға үйрету, мектеп пен ата-ана арасындағы байланысты нығайту, үлкенді сыйлауға құрметтеуге, тәрбиелеу.

Ата-бабаның дәстүрі бойынша ең алдымен отағасын, кейін ата – бабаны құрметтей отырып, солардың алдында ұрпақтық борышын өтеу – болашақ ұрпақ міндеті ғой. Ол ұрпақтық борыштар: ананың ақ сүтін, еңбегін өтеу, ата дәстүрлерін құрметтеп, одан әрі ол дәстүрлерді жалғастыру, адамгершілік қағидаларды бұлжытпай орындау болып табылады. Тәуелсіз мемлекетімізде ата - бабамыздан қалған асыл мұраның бірі салт – дәстүрлерімізді ұмыту мүмкін емес деген ойдамын. Олай болса еліміздің ертеңі жастарға салт -дәстүрімізді насихаттап, ғасырдан - ғасырға жалғаса келе жатқан тәрбие көзін мақсат ету.



[https://www.instagram.com/p/C4u46\\_WN0jl/?igsh=emE2Z3VrenlhMmUx](https://www.instagram.com/p/C4u46_WN0jl/?igsh=emE2Z3VrenlhMmUx)

Сынып жетекшілер:


Астана қаласы  
Мәшһүр Жүсіп атындағы № 57 орта мектебі бойынша  
«Ата — әулеттің тірегі, әже — ұрпақтың жүрегі» атты өтізілген іс шара  
анықтамасы

Қыркүйек айында Мәшһүр Жүсіп атындағы № 57 орта мектебінде тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен «Ата — әулеттің тірегі, әже — ұрпақтың жүрегі» тақырыбында танымдық кездесу өтті. Оған ата-аналар, әжелер қатысып, өскелең ұрпаққа өнегелі өмірлерінен сыр шертті.

**Мақсаты:** Ата-анасы арқылы оқушыларға қариялар жөнінде, олардың бізге қалдыратын баталы сөздері мен істері жөнінде мағлұмат беру. Халқының салт – дәстүрінен нәр алуға, инабаттылыққа тәрбиелеу.

Танымдық кеш барысында қарттарымыз ұрпақ тәрбиесінің қыр-сыры, ұлттық құндылықтарымыз бен оны сақтап қалу, кейінге насихаттау жолында жастардың рөлі қандай болуы керектігі жөнінде ақыл-кеңестерімен бөлісті. Әжелеріміз құрақ көрпе тоқу, ұршық иірудің әдіс-тәсілдерін түсіндірді.

4 «А» сыныбының әжелері видеоролик арқылы оқушыларға ақ тілегін арнап, бата берді. Тәлімді-тәрбиелік маңызы зор шара патриоттық әнмен қорытындыланды.



Жауапты: Нұрмахан Г.  
Панат М.  
Түлегенова Ф.  
Қүдіретова К.

## «Тәрбие отбасынан басталады» атты өтізілген іс шара анықтамасы

Қазан айында Мәшһүр Жүсіп атындағы № 57 орта мектебінде тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен «Тәрбие отбасынан басталады» тақырыбында ата-аналармен танымдық кездесу жиналысы өтті.





**Мақсаты:** Әр отбасының бала тәрбиесіне белсене қатысуының маңызын арттыру. Баланың мейірімді сыпайы әдеттерді бойына сіңіріп өсу жолдарын ата-аналармен бірлесе

қарастыру;

Жиналыс барысында ата-аналармен әр түрлі қызықты тапсырмалар орындалып, өздері де оқушы болып жұмыс жасады. Ата-аналар шаршап келсе де, белсенділік танытып, жақсы атсалысты.

Сөз соңында қарт ұстазымыз Бибінар апай : «Мейірімділікті анандан, Әдептілікті данадан үйрен» дейді халқымыз. Бір біріне қамқор, қайырымды ұрпақ тәрбиелеу және адамгершілікті мол асыл қасиеттерді бойларына сіңдіру біздің міндетіміз екенін айта келіп пікір алмасу түрінде өткен ата-аналар жиналысымызды тәмамдаймыз .

**Жүректен шыққан тілектеріңіз әрдайым жер бетіндегі балаларды қолдап желеп-жебеп жүрсін дегім келеді деп аяқтады.**



Өткізген: Нұрғазиева А.П.  
Калмаханова Б.Е.  
Рысбай Н. С.  
Акбай К

Астана қаласы «Мәшһүр Жүсіп атындағы № 57 орта мектеп»  
2023-2024 оқу жылында «Әке көрген оқ жанар, ана көрген тон пішер»  
атты қолөнер туындыларынан өткізілген іс шара бойынша анықтама



Қараша айының 14 жұлдызында 1-2 сыныптар арасында отбасы жобасы аясында «Әке көрген оқ жанар, ана көрген тон пішер» атты қолөнер туындыларын жасау байқауы өтті. Мақсаты: бала мен ата ана қарым-қатынасын нығайту. Ата салтын ұстайтын, ата-ана үмітін ақтайтын ұрпақ тәрбиелеу мақсатында өткізілген іс шарада балалар белсенділік танытты. Осы ұл-қыздарымыздың, яғни болашақ ана-әкелердің

қандай болмағы жас кезінде бойына сіңірген үлгі-өнегесінен де бастау алары анық. Ұйымдатырған сынып жетекшілеріне үлкен алғыс айтамыз.



ДТІЖО:

Аманкулова М.А.

Сынып жетекшілер

**Астана қаласы «Мәшһүр Жүсіп атындағы № 57 орта мектеп»  
2023-2024 оқу жылында отбасы жобасы аясында «Ата мен әже – қазақы  
тәрбиенің бастау бұлағы» атты өткізілген іс шара бойынша анықтама**

Қараша айының 16 жұлдызында бастауыш сыныптардың арасында отбасы жобасы аясында «Ата мен әже – қазақы тәрбиенің бастау бұлағы» атты кездесу кеші өткізілді.

Қариясы бар үйде қазақы тәрбиені бойына сіңіріп, дәстүрлерді мұра ретінде ұлықтап, асыл құндылықтарды, ұлттық рух пен тәрбиені ұлықтап өтетіндігі анық. Сол себепті ата мен әжесі бар үйде береке, ауызбіршілік, татулық, ағайын туыс қарым-қатынасы тығыз болады.



Кездесу барысында ата-әжелеріміз: қазақта баласын атасы мен әжесінің тәрбиесіне беру – ежелден келе жатқан дәстүр. Тұла бойы тұңғыш немерені бауырға басу дегеніміз- бар тәттіні алдына қою ғана емес, көріп білгенінде үйретіп жатамыз,- деді.

Қандай халықтың болсын өзіне тән өзгеден ерекшелендіріп тұратын салт-дәстүрлері,

дағдылары бар. Бауырына салу деген бізбен қатар өмір сүріп жатқан халықтардың ішінде тек қазаққа ғана тән. Әрине, өзге ұлттар да немерелеріне қамқорлық көрсетеді, бағады, қарайды. Ал қазақтың ерекшелігі сол тұңғыш немерені міндетті түрде атасы мен әжесі бауырына салған. Ол сол үйдің кенжесі болып өседі. Бұл бір жағынан, «он үште отау иесі» болған жас отбасына деген қамқорлық болса керек. Екіншіден, баланы тәрбиелеуде өздері әлі жас ұл мен келіннің тәжірибесінің аздығын білгендіктен де немерені бауырына салған, яғни бауырына салу – немерені уызына жаритындай етіп тәрбиелеуге атсалысу. Өйткені, ата мен әже – көпті көрген, өмірдің талай белестерінен өткен, жақсылы-жаманды өмір кешкен тәжірибесі мол адамдар.



Дайындаған: Нурканова А.К.

**Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектебінде  
Әкелер, Аналар мектебі бойынша іс-шара жоспарына сәйкес  
«Салауатты өмір салтын насихаттау» спорттық іс-шара туралы**

**АНЫҚТАМА**

Желтоқсан айында 5-6 сынып оқушылары арасында «Салауатты өмір салтын насихаттау» спорттық іс-шара ұйымдастырылды. Мақсаты: мектептегі әкелер клубының жұмысын күшейту, оқушы мен ата-ана арасындағы байланысты нығайту. Жанұядағы әкенің орны, әкенің балаға деген тәрбиесін жандандыру мақсатында өткізілді. Отбасылық тәрбиемен қатар спорттың да адам өміріне тигізер пайдасын түсіндіру, ата - ананы спортқа баулу, салауатты өмір салтын насихаттау, денсаулықты нығайту және тәрбие мен спортты қатар байланыста ұстау ұсынылып отыр.



ДТІЖО

М.А.Аманкулова

А.А.Менлибекова

Сынып жетекшілер

Астана қаласы Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектебінде  
«Ата-әже мейірімі» ата-әжелер мектебі бойынша кездесу өткізілгендігі  
бойынша

Анықтама

Желтоқсан айында «Ата-әже мейірімі» тақырыбында байқау фотосурет байқауы өткізілді.

Мақсаты: жас жеткіншектердің бойына отбасының қос шынары – ала таудай атасы және аналардың анасы – әженің адам өмірінде алатын орнын, оларға құрмет көрсету – халықтық дәстүр екендігін ұғындыру, адамгершілікке, инабаттылыққа және мейірімділікке тәрбиелеу. Ата мен әже өнегелі ісін насихаттау. Еркелетіп әлпештейтін, ақыл-кеңес беретін, жабыққанда жұбатып, қуанышыңмен бөлісетін асыл жандардың тұңғыықтан да терең оттай жалындаған мейірім махаббатына дүниенің еш теңеуі жоқ екенін білеміз.



ДТІЖО: Аманкулова М.А

Менлибекова А.А

*Аманкулова*  
*Менлибекова*

Сынып жетекшілер